

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Сүгір Бегендіқұлы атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижеслерінің қорытындысы бойынша кеткен кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою есебі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабы 4-тармағы және Маңғыстау облысының білім салаасындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 6.03.2024 ж. №69-нқ бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Сүгір Бегендіқұлы атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ағымдағы жылдың 11-14 наурыз кундері аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізілген аттестаттау қорытындысы бойынша төмендегідей бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған болатын :

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектепалды даярлық сыныбында сабақ кестесі мектептің ресми сайтына ұсынылмаған.
2. «Мектепке дейінгі , орта білім беру ұйымдарын, сондай -ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарықтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес оқу кабинеттеріндегі жиһаздар тізбегі, 2022-2023 оқу жылдары бойынша МАД тобы мұғалімдерінің сапалық құрамы ұсынылмаған.
3. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша МАД тобы тәрбиеленушілерінің тізімі ұсынылмағандықтан балалардың жас топтарын сақтау талаптары анықталмады.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша

1. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымының үлгілік оқу жоспары мектептің ресми сайтында талапқа ұсынылмаған.
2. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымының үлгілік оқу жоспары ұсынылмағандықтан, оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі анықталмады.
3. Үйден оқитын оқушылардың құжаттары, оқу жоспарлары, сабақ кестелері ұсынылмаған.
4. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарының құжаттары мектептің ресми сайтына ұсынылмаған.
5. «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының сағат саны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш , негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген сағат сандарымен сәйкес келмейді.
6. 2ғ, 3а, 3ә, 5ғ, 7в, 8б, 8в сыныптары электронды журналы арқылы зерделену барысында жолда жүру ережесінің тақырыптарының кіріктірілмегендігі анықталған.
7. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша мұғалімдердің сапалық құрамы ұсынылмаған. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған/ растамаған санатсыз педагогтер анықталды.

8. Мектептің ресми сайтының атауы edu.kz домендік аймағына тіркелмеген.
9. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша үлгілік оқу жоспары ұсынылмағандықтан білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі анықталған жоқ.
10. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша үлгілік оқу жоспары ұсынылмағандықтан, сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі анықталмады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою мақсатында жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес 2024 жылдың кезекті 27 наурыздағы педкеңесте мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысымен тааныстырылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі -үлгілік қағидалар) сақтау.

Жауапты маман : директордың бастауыш сыныптар жөніндегі оқу ісі меңгерушісі Н.Ахметова.

1. Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында мектепалды топ 5 күндік жұмыс аптаасымен , жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбиеленушілер , яғни 76 бала тізімі салынды. 76 контингенттің жеке даму картасы бар. 2023-2024 оқу жылындағы 104 тәрбиеленушінің де тізімі қоса салынды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасының 1-тарауы 7-тармақтын 5-тармақшасына сәйкестендірілді.

2. «Мектепке дейінгі , орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарықтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес оқу кабинеттеріндегі жиһаздар тізбегінде жазу үстелі, жартылай жұмсақ орындық, кітап сөресі 5-класс комплекті бойынша әр кабинетте жас ерекшелікке орай 20 балалар орындығы, 20 парта, маркерлік тақта, балалар жұмыстарына арналған стенд, хабарландыру тақтасы, материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер және коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға, сандар қассасы, құмсағат, сөре, болме өсімдіктері, конструкторлар, арнайы киім ілгіш бар.

2022-2023 оқу жылдары бойынша МАД тобы мұғалімдерінің сапалық құрамы ұсынылды. Барлығы 5 мұғалім. 2-еуі жоғары білімді, 3-еуі орта; 1-еуі -модератор, 1-еуі II білікті санатты, 3-еуі санатсыз. Біліктілік санаттары бойынша биылғы оқу жылында сәуір, мамыр айына тестке тіркелді, МАД топтары бойынша біліктілік арттыру курстарынан өтіп алды. Жауапты маман: директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары Н.Ахметова, шаруашылық меңгерушісі А.Умирзакова

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкестендірілді.

3. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша МАД тобы тәрбиеленушілерінің тізімі ұсынылмағандықтан балалардың жас топтарын сақтау талаптары анықталмады.

Жауапты маман: директордың бастауыш сыныптар жөніндегі оқу ісі менгерушісі Н.Ахметова.

2022-2023 оқу жылында 76 тәрбиеленуші, 2023-2024 оқу жылында 104 тәрбиеленуші тізімі, балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау туралы құжаттары ресми сайтқа ұсынылды.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымшасындағы 4-тарау 2-тармағына сәйкестендірілді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша

1. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымының үлгілік оқу жоспары мектептің ресми сайтында талапқа ұсынылмаған.
2. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымының үлгілік оқу жоспары ұсынылмағандықтан, оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі анықталмады.
3. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша үлгілік оқу жоспары ұсынылмағандықтан білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі анықталған жоқ.
4. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша үлгілік оқу жоспары ұсынылмағандықтан, сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі анықталмады.

Жауапты маман: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Тлеубаева
2021-2022 оқу жылы 5-9 сыныптардағы үлгілік оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, 2021 жылдың 20 тамыз № 415 бұйрығы 6-қосымшасына сәйкес жасалды. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 5 сыныптарда -31 сағат; 6 сыныптарда -31 сағат; 7 сыныптарда -34 сағат; 8 сыныптарда -35 сағат; 9 сыныптарда -36 сағатты құрайды. Жалпы 5-9 сыныптардағы апталық сағат саны -172 сағатты, жылдық -5848 сағатты құрайды. Өзін-өзі бағалау нәтижелерінің анықтамасында көрсетілді, мектептің ресми сайтында жарияланды.

10 сыныптар бойынша 10А (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2021 ж 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген 30 -қосымшасына сәйкестендірілді. Инвариантты оқу жүктемесі -29 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -8сағат; оқу

жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі -37 сағат. Апталық сағат саны -37; жылдық сағат саны – 1258.

10 сыныптар бойынша 10А (жаратылыстану - математикалық бағыт) ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2021 ж 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген 31 -қосымшасына сәйкестендірілді. Инвариантты оқу жүктемесі -29 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -8сағат; оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі -37 сағат. Апталық сағат саны -37; жылдық сағат саны – 1258.

11 сыныптар бойынша 11А (қоғамдық -гуманитарлық бағыт) ҚР Бжғм 26.03.2021 жылғы № 125 бұйрығына 21- қосымша, ҚР Бжғм 2012 ж 8.11 № 500 бұйрығына 21- қосымша бойынша «Оқытудың қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық -гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесімен » жасакталды.

Тереңдетілген деңгей: Абайтану -1сағ, математикалық логика -1сағат; құқық негіздері -1сағат, география -1 сағат;

Стандартты деңгей: Кәсіпкерлік және бизнес -1 сағат; физика -1 сағат; химия -1сағат; биология -1сағат.

Инвариантты оқу жүктемесі -27 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -8 сағат. Оқу жүктемесінің жоғары шекті деңгейі -35 сағат. Апталық сағат саны – 35; жылдық -1190.

11Ә (жаратылыстану – математикалық бағыт) ҚР Бжғм 26.03.2021 жылғы № 125 бұйрығына 22- қосымша, ҚР Бжғм 2012 ж 8.11 № 500 бұйрығына 22- қосымша бойынша «Оқытудың қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану - математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесімен » жасакталды.

Тереңдетілген деңгей: Физика -1 сағат; химия -1 сағат; география -1 сағат; Абайтану -1сағат;

Стандартты деңгей: Кәсіпкерлік және бизнес -1сағат; графика және жобалау -1 сағат; құқық негіздері -1 сағат; тіл дамыту -1 сағат.

Инвариантты оқу жүктемесі -27 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -8 сағат. Оқу жүктемесінің жоғары шекті деңгейі -35 сағат. Апталық сағат саны – 35; жылдық -1190.

2022-2023 оқу жылы 5-9 сыныптардағы үлгілік оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 6-қосымшасымен , ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 12.08 № 365 бұйрығының 6-қосымшасымен бекітілген оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалды. 5 сыныптарда -28,5 сағат; 6 сыныптарда -28,5 сағат; 7 сыныптарда -31,5 сағат; 8 сыныптарда -32,5 сағат; 9 сыныптарда -34 сағатты құрайды. Жалпы 5-9 сыныптардағы апталық сағат саны -155 сағат, жылдық -5580 сағатты құрайды. Элективті курстардан жаһандық құзыреттілікке 5,6,7,8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9 сыныптарға -1 сағаттан берілді.

10-11 сыныптар (қоғамдық -гуманитарлық бағыт) үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022ж 12.08 № 365 бұйрығы 85 қосымшасы; ҚР Бжғм 2012 ж 8.11 № 500 бұйрығына 85- қосымшасымен жасакталды.

Инвариантты оқу жүктемесі -28 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -5 сағат; ең жоғарғы оқу жүктемесі -33 сағат. Апталық сағат саны -33 сағат. Жылдық -1188.

Жаһандық құзыреттілік -1 сағат; элективті курстар: география -1сағат; биология -1 сағат; химия -1 сағат; информатика -1 сағат.

10-11 сыныптар (жаратылыстану - математикалық бағыт) үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022ж 12.08 № 365 бұйрығы 86 қосымшасы; ҚР БжҒм 2012 ж 8.11 № 500 бұйрығына 86- қосымшасымен жасақталды.

Инвариантты оқу жүктемесі – 32 сағат; вариативтік сағат саны -2 сағат. Оның ішінде жаһандық құзыреттілікке -1сағат; элективті курстарға -информатикаға 1сағат берілді. Апталық сағат саны -34 сағаттан; жылдық -1224 сағат.

2023-2024 оқу жылындағы 5-9 сыныптардағы білім беру процесі жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 6- қосымшасы, ҚР Оқу -ағарту министрінің 12.08. № 365 бұйрығы 6- қосымшасымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі. Вариативті компонент сағаттар есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5,6,7,8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9 сыныптарда 1 сағаттан берілді. Ең жоғарғы оқу жүктемесінің шекті көлемі : 5 сыныптарда -28,5 сағат; 6 сыныптарда -28,5 сағат; 7 сыныптарда -31,5 сағат; 8 сыныптарда -32,5 сағат; 9 сыныптарда -34 сағаттан . 5-9 сыныптар бойынша жалпы қосқандағы апталық сағат саны -155; жылдық -5580 сағат.

10-11 сыныптардың қоғамдық – гуманитарлық бағыт бойынша үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 30.09 № 412 бұйрығы 38- қосымша; ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8.11 № 500 бұйрығына 85- қосымша негізінде жүзеге асырылды. Инвариативтік оқу жүктемесі -31 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -3 сағат; оның ішінде 10А сыныпта жаһандық құзыреттілікке -1 сағат; «Практикалық АӘД» -1 сағат; «Әлемді танып білудегі география ролі » -1 сағат; 10Б сыныпта жаһандық құзыреттілікке -1 сағат; «Әлемді танып білудегі география ролі » -1 сағат; «Сөз мәдениеті» -1 сағат; 11А сыныпта жаһандық құзыреттілікке -1 сағат; «Шешендік өнер» -1 сағат; «Геоэкология» -1 сағат. Апталық сағат саны әр сынып бойынша -34 сағат; жылдық сағат саны – 1156.

10-11 сыныптардың жаратылыстану -математикалық бағыт бойынша үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 30.09 № 412 бұйрығы 39- қосымша; ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8.11 № 500 бұйрығына 86- қосымша негізінде жүзеге асырылды. Инвариантты оқу жүктемесі -32 сағат; вариативтік оқу жүктемесі -3 сағат; оның ішінде 10Ә сыныпта жаһандық құзыреттілік – 1 сағат; «Физика есептерін шешу жолдары» -1 сағат; «Биомедицина» -1 сағат; 11Ә сыныпта жаһандық құзыреттілік – 1 сағат; «Биомедицина» -1 сағат; «Шешендік өнер» -1 сағат; 11Б сыныпта жаһандық құзыреттілік – 1 сағат; «Биомедицина» -1 сағат; «Шешендік өнер» -1 сағаттарына бөлінген. Апталық сағат саны әр сынып бойынша 35 сағаттан, жылдық - 1190. Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2 - қосымша 3 – тарау 29- тармағына, 3-қосымша 3- тарау 41- тармағына, 4- қосымша 3- тарау 31- тармағына сәйкестендірілді. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымының үлгілік оқу жоспары мектептің ресми сайтына орналастырылды.

5. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарының құжаттары мектептің ресми сайтына ұсынылмаған.
6. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша таңдау курстары мен факультатив сабақтарының бекітілген жоспары, бұйрығы, пәндер тізімі ұсынылмаған.

Жауапты маман: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Тлеубаева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша оқу бағдарламаларының базалық мазмұны «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтік үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы», ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 ж 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауып, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 ж 16.09 № 399 бұйрығына сәйкес жасалған оқу бағдарламасы мектептің ресми сайтына орналастырылды.

2021-2022 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзырлық» таңдау бойынша курстар жүргізу ұсынылған болатын. Осыған орай факультативтерден «Абайтану» 9,10 сыныптарға; «Дінтану» 9 сыныптарға, «Кәсіпкерлік және бизнес» 10,11 сыныптарға, «Әбіштану», «Серікболтану», «Сүгіртану» 8 сыныптарға, «Тіл дамыту» 11 сыныптарға берілді. Таңдау курстарынан: Экология, футбол, теннис, қазақша күрес, робототехника, тоғызқұмалақ, шахмат, домбыра, баскетбол, волейбол, «Жас ұлан» жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативті компонентті сағаттарын жүзеге асыру бойынша ұсыныстарға қарай, 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы оқуға бөлінген болатын. Оқу жоспарының вариативті компонентіндегі басқа сағаттарды инвариантты компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылды. 5,6,7,8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9,10,11 сыныптарда 1 сағаттан. 10АӘ, 11АӘБ сыныптар информатиканы таңдаса, 10А,11А сыныптары бойынша таңдау курстары география, биология, химия пәндері бойынша жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында факультатив пен таңдау курстары вариативтік бөлік есебінен 5,6,7,8 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» бойынша 0,5 сағаттан, 9,10,11 сыныпқа 1 сағаттан; 10А сыныпқа «Практикалық АӘД», «Әлемді танып білудегі география ролі»; 10Б сыныпқа «Сөз мәдениеті», «Әлемді танып білудегі география ролі»; 10Ә сыныпқа «Биомедицина», «Физика есептерін шешу жолдары»; 11А сыныпқа «Геоэкология», «Шешендік өнер», 11ӘБ сыныптарға «Биомедицина», «Шешендік өнер» берілді. Сабақ кестесіне енгізілген.



Қорытынды: «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен тандау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022ж 16.09 № 399 бұйрығына сәйкестендірілді.

7. Уйден оқитын оқушылардың құжаттары, оқу жоспарлары, сабақ кестелері ұсынылмаған.

Жауапты маман: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Тлеубаева

Денсаулығына байланысты ПМПК шешімі, ВКК қорытындысына орай, 2021-2022 оқу жылында 5 оқушы, 2022-2023 оқу жылында 6 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 8 оқушы әртүрлі диагнозбен тіркеліп, уйден оқытылды.

2021-2022 оқу жылында уйден оқитын оқушылар «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін» 1-4 сыныптарда ҚР БжҒМ 2012 ж № 500 бұйрығымен бекітілен жалпы орта білім берудің жаңартылған үлгілік оқу жоспарының 73-қосымшасы, «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін» 5-9 сыныптарда 75-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында уйден оқитын оқушылар «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін» 1-4 сыныптарда ҚР БжҒМ 2012 ж № 500 бұйрығымен бекітілен жалпы орта білім берудің жаңартылған үлгілік оқу жоспарының 73-қосымшасы, «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін» 5-9 сыныптарда 75-қосымшасы, ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 12.08 № 365 бұйрық 53,55 қосымшасы негізінде сәйкес жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында уйден оқитын білім алушыларға арналған оқу жоспары ҚР БжҒМ 2021 ж 20.08 № 412 бұйрығы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін» 1-4 сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнның үлгілік оқу жоспарының 53-қосымшасы, 5-9 сыныптар ҚР БжҒМ 2021 ж 20.08 № 412 бұйрығы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін» 5-9 сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнның үлгілік оқу жоспарының 55-қосымшасы негізінде үлгілік оқу жоспары жасақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша уйден оқитын оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспарлары «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы», ҚР БжҒМ 2012 ж № 500 бұйрығының 53-60 қосымшалары, ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 12.08 № 365 бұйрығының 53-60 қосымшаларына сәйкес жасақталды, сағаттар бөлінді.

Уйден оқитын оқушылардың ПМПК шешімдері, ВКК қорытындысы, КТЖ, ҚМЖ, сабақ кестесі, бұйрықтар мектептің ресми сайтына жарияланды.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022ж 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 2- тармақ 9- тармақшасына, 3-қосымша 1- тарау 2- тармақ 11-

тармақшасына, 4-қосымша 1-тарау 2- тармақ 8- тармақшасына сәйкестендірілді.

8. «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының сағат саны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген сағат сандарымен сәйкес келмейді.
9. 2г, 3а, 3ә, 5г, 7в, 8б, 8в сыныптары электронды журналы арқылы зерделену барысында жолда жүру ережесінің тақырыптарының кіріктірілмегендігі анықталған.

Жауапты мамандар: директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлар:
С.Мусрепова, А.Суйсұова, бастауыш сыныптардың оқу ісі менгерушісі
Н.Ахметова

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепте «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқыту сабақтары міндетті болып табылады. Оқу курсының мазмұнына сәйкес 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныптарда 10 сағаттан, 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемемен, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсы аясында 12 сағаттық жылдық жүктемемен жүргізіліп отыр. Электронды журналға толтырылды. Күнтізбелік -тақырыптық жоспарына дүниетану пәнінен Аманова З, Балсүгірова Ж, Нурғараева А, Тәжімбетова Л, Тайшаева О, Бекембаева Ж, Дуйсалиева А, Жайықова А, Мұхташева К, Тастайбекқызы Ф «ӨКН» тақырыптары жоспарын енгізді. «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырады. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасайды, олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 2- тарау 25- тармағына, 3-қосымша 4- тарау 56- тармағына, 4-қосымша 4- тарау 50- тармағына сәйкестендірілді.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны бойынша 1-4 сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде тәрбие сағаттарына кіріктіріліп оқытылады.

2г, 3а, 3ә, 5г, 7в, 8б, 8в сыныптары электронды журналдарына «Жолда жүру ережелері» тақырыптары кіріктірілді.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 ж 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-

қосымша 2- тарау 26- тармағына, 3-қосымша 2- тарау 38- тармағына сәйкестендірілді.

9. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша мұғалімдердің сапалық құрамы ұсынылмаған. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған/ растамаған санатсыз педагогтер анықталды.

Жауапты маман : директордың әдістемелік жөніндегі орынбасары М.Қаршығаева

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында кәсіби біліктіліктерін шыңдау бағытында біліктілік санатын бес жылда бір реттен сиретпей ауыстырмаған М.Қожбанова, бастауыш сынып мұғалімі -зейнеткерлікке шығуға 2 жыл қалған, Б.Джимбаев, музыка пәні мұғалімі -зейнеткерлікке шығуға 2 жыл қалған, Г.Тургунбаева, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі –былтырғы оқу жылында құжат тапсырған, ПББтесттен өтпей қалған, А. Муса, информатика пәні мұғалімі – былтырғы оқу жылында құжат тапсырған, ПББ тесттен өтпей қалған. Ж.Түйебаева, Б.Ағатаева, У.Қосабаева, А.Джалмағанбетова шет тілі пәні мұғалімдері; Ж.Ақмұлдаева, география пәні мұғалімі, Ш.Әбиева, биология пәні мұғалімі, А.Жаманқараева, бастауыш сынып мұғалімі биылғы оқу жылында сәуір, мамыр айына өтініш берген; А.Ермуханова, тарих пәні мұғалімі бала кутімінде; Т.Башығұлова, құқық пәні мұғалім санаты 1 жылға ұзартылды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша мұғалімдердің сапалық құрамы ресми сайтқа ұсынылды.

Қорытынды: «Педагог лауазымдардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жж 13.07 № 338 бұйрық талаптарына сәйкестендіруге жұмыстанудамыз тест нәтижелеріне орай.

10. Мектептің ресми сайтының атауы edu.kz домендік аймағына тіркелмеген. Наурыз айында тіркелді.

Жауапты маман : ұлттық деректер базасы маманы У.Мукашева

Мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы: М.Х.Тлеубаева

